

**ҚҰЗЫРЕТТІЛІК БІЛІМ: МОДЕЛЬДЕР,  
ӘДІСТЕР, ТЕХНОЛОГИЯЛАР  
КОМПЕТЕНТНОСТНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:  
МОДЕЛИ, МЕТОДЫ, ТЕХНОЛОГИИ**

---

4. Platforms and attachments using for teaching English in a distance format:

4.1. LearningApps.org

4.2. Google Form

4.3. Liveworksheets.com

4.4. Google Doc

4.5. Screencasomatic

4.6. Padlet.com/dashboard

4.7. go.playposit.com/

4.8. Proficonf.com

Summing up, we can draw the following conclusion: being able to communicate effectively is the most important of all life skills. But communication is simply the act of transferring information from one place to another, whether this is vocally (using voice), written (using printed or digital media such as books, magazines, websites or emails), visually (using logos, maps, charts or graphs) or non-verbally (using body language, gestures and the tone and pitch of voice) [3, с. 4-6].

Thus, working in a distance format, a teacher should create more situations that facilitate communication; it's necessary to teach students how to use the language in a social context; conduct activities such as role plays that will help students learn the language in a social context. In addition to the above mentioned the distance learning format requires mobility, information competence, regular learning and professional development of the teacher himself/herself.

**Список использованных источников**

1. E-resource: URL: <https://studymafia.org/mass-media-ppt-and-pdf-for-free-download/> (дата обращения 25.02.2021)

2. E-resource: URL: [https://vogazeta.ru/articles/2020/4/17/distant/12609-distantсионное\\_obuchenie\\_plyusy\\_i\\_minusy](https://vogazeta.ru/articles/2020/4/17/distant/12609-distantсионное_obuchenie_plyusy_i_minusy) (дата обращения 21.02.2021)

3. Martin Towle, Communication Skills and Personality Development, 2014

УДК 94 (5)

**ҚЫРЫМ ХАНДЫҒЫНЫҢ ОСМАН ИМПЕРИЯСЫМЕН БАЙЛАНЫСЫ**

*Қайрғали Н.Қ., 4 курс, «Тарих» мамандығы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті*

*Күзембайұлы А., т.ғ.д., профессор, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті*

*Ресейдің Қырымды аннекциялауына байланысты сол елдің тарихына көпшіліктің назары ауды. Әсіресе Осман елі мен басқа да түркі халықтарының қарым-қатынасы тарих ғылымының өзекті тақырыбына айналып отыр. Шағын мақаламызда Қырым хандығының Осман империясымен қарым қатынас ерекшеліктері мен байланыстары қарастырылады.*

Мақаламыздың негізгі мақсаты бір кездегі Еуразияны билеген Шыңғыс империясының соңғы жұрнағы Қырым хандығының Қара теңіздің арғы жағасындағы Осман еліне қалайша тәуелді болғандығы тек тарихшыларды ғана емес, сонымен қатар көзі қарақты, көкірегі ояу барша қауымды ойландырады.

Түркиялық қазақ тарихшысы профессор Әбдіуақап Қараның айтуынша Қырым [1, 19-20 б.] Осман империясын Мехмед Фатих билеген тұста тәуелді болған. Осман патшалары-

**ҚҰЗЫРЕТТІЛІК БІЛІМ: МОДЕЛЬДЕР,  
ӘДІСТЕР, ТЕХНОЛОГИЯЛАР  
КОМПЕТЕНТНОСТНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:  
МОДЕЛИ, МЕТОДЫ, ТЕХНОЛОГИИ**

---

ның жетіншісі болып табылатын ІІ Мехмед немесе Фатих Сұлтан Мехмед хан Осман мемлекетін әлемдік деңгейге көтерген хан ретінде ерекшеленеді. Ол Қазақ хандығының құрылуынан үш жыл бұрын, атап айтқанда, 1453 жылы ол кезде Константинополь аталатын бүгінгі Стамбул қаласын жаулап алды. Сондықтан Фатих жаңа дәуірге есік ашқан патша деп те аталады. «Ауни» деген лақап атпен өлеңдер жазған ІІ Мехмед жастайынан жақсы білім алды және араб, парсы, грек, серб, латын сынды көптеген тілдерді меңгерді, ең үлкен жетістіктерінің бірі.

Қырымның тәуелді жағдайы Османлы сұлтандары үшін үлкен құрмет пен атақ болды, ең алдымен Қырым хандары бір кездері бүкіл Азияға үстемдік еткен Шыңғыс хан әулетінен шыққан. Алайда, ең маңызды себеп – Қырымды тәуелді ұстап тұрған Осман мемлекеті Қара теңіздегі үстемдігінің сақталуын және сонымен бірге оның солтүстік жағалауында орналасқан аумақтарда белсенді саясат жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етті. Осман империясы Қырымды солтүстіктен қауіп-қатерден қорғады, сол кезде ол негізінен Алтын Орда болды. Өз кезегінде, хандық Қара теңіз жағалауларын күзетіп, Осман империясының үстемдігін бұзуға қабілетті кез-келген саяси ағымдар пайда болған жағдайда Шығыс Еуропадағы ең қуатты Осман қаруы болды. Бастапқыда еуропалықтар «империяның оң қолы» деп аталатын Қырым хандығы Алтын Орданың аймақтан алыстауына ықпал етті, содан кейін XVIII ғасырдың аяғына дейін Қара теңізге орыс әскерлерінің қонуына қарсы басты күш болды.

Оқиғалар барысына өтпестен бұрын Осман империясы мен Қырымның арасындағы қарым-қатынастардың қалай басталып, оған ненің әсер еткендігі қарастырып өтелік. Ең алдымен Қырымның географиялық және экономикалық шарттары оны жерорта теңізінің бойындағы өркениеттермен, соның ішінде Стамбулмен бұрыннан байланыстырып келген. Негізгісін айтатын болсақ, олардың географиялық орналасуымен байланысты қарым-қатынастары тұрақты болған. Оның үстіне, тайпалар мен мемлекеттердің ауысып тұратындығына қарамастан, бүкіл тарих барысында ол өзінің ерекшелігі мен тарихи оқиғалардың барысына әсерін сақтап келген. Бұрыннан белгілі болғандай, қырымдық айлақтардың негізін көне гректік отарлар салған және олар сол кездерден бастап Жерорта теңізі, Шығыс Еуропа мен Азия мемлекеттерінің арасындағы халықаралық сауда орталығы болып келген. Жерорта теңізінің халқы ол айлақтарға ерекше мән берген. Алайда келесі жағдайды да естен шығармау керек: ол Стамбулдың Қара теңіз бен оған жақын орналасқан қырымдық сауда айлықтарында билік етуі. Стамбул ұлы мемлекеттік орталыққа айналғаннан кейін Қырым мен айлақтар оған бағынышты болып қалады [2, 209 б.].

Осылайша, бұрынғы кездерден бастап қырымдық мәселе Қара теңіз және бұғаз мәселесімен тығыз байланысты, себебі Византия империясы оларды тәуелділікте ұстаған, ал оның халқы тәуелсіздігін сақтап қалуы үшін бағынуға мәжбүр болады. Стамбулды 1204 жылы латиняндықтар жаулап алғаннан кейін олар бір белгілі уақыт аралығында Трапезундық империя құрамында болады. Дәл сол уақыттарда жағдайы гүлдеп тұрған сальджуқтар Анатолиямен тығыз сауда қарым-қатынас жасап тұрған Қырымды бағындырып алғылары келеді. Алайда Қара теңіздегі сауданы сол кездері бұғазды ұстап тұрған венециандықтар басып алады. Біршама уақыт өткеннен кейін 1261 жылы генуэздықтар өздерінің одақтасы Михаил Палеологқа империясының орталығын қайтарып, осылайша олардың Қара теңіздегі сауда монополиясының көзін жояды. Дәл осы сәтте Шыңғыс хан империясына тиесілі қырым айлақтарында сауда бұрын-соңды болмағандай жанып тұрады, осының арқасында сауда жолдарына қожалық етеді. 1266 жылы генуэздықтар Алтын Орда ханы Меңгі Темірден Кафада сауда жүргізу үшін мекен етуге рұқсат сұрап алады [2, 205 б.]. Бұл жерлерде және уақыт өте келе басқа отарлардың жағалауларында олар қорғандарын салады.

**ҚҰЗЫРЕТТІЛІК БІЛІМ: МОДЕЛЬДЕР,  
ӘДІСТЕР, ТЕХНОЛОГИЯЛАР  
КОМПЕТЕНТНОСТНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:  
МОДЕЛИ, МЕТОДЫ, ТЕХНОЛОГИИ**

---

Бұл сауда айлақтарын басқару қолдарына тигендеріне қарамастан ресми түрде ол жерлер ханға тиесілі болды. Қафада ханның атынан түрік-мұсылман халқының ісін жүргізетін тудун және кеденнен салық жинайтын қарауыл тұрған. Ол кездері Батыс, Кіші Азия мен қырым айлақтарының арасында сауда белсенді түрде жүріп тұрған [3, 114 б.]. Мысалы, Қырымнан дәнді дақылдарды экспорттау тоқтап қалатын болса, Стамбулда ол өнімдердің жетіспейтіндігі байқалып отырған. Бұл жерлерде көбінесе дәмдеуіштер, қиыр шығыстық жібек көп таралған, Египеттен құлдарды әкеліп отырған, ал Солтүстіктен – тондарды, әр түрлі терілерді, балықты, жоғары сапалы балауыз бен тұзды әкелген. Мехмед II бұғаздарға қожалық ете бастаған және Стамбулды Осман империясы басып алғаннан кейін әлсіз Византиядан кейін Қара теңізді енді кім басқарады деген мәселе қайтадан туындайды [3, 120 б.]. Бұл уақытқа дейін бұғаз бен Қара теңізді генуэздықтар мен венециандықтар басқарған. Осман сұлтаны империяны құрғаннан кейін Византия тәрізді олардың қолына саудалық мәні жоғары және қазынаға көп кіріс келтіретін қырым айлақтарын беріп қойғысы келмеді. Оны тіпті генуэздықтардың қорғаныс шептері де тоқтата алмауы тиіс еді. Мехмед Фатих Стамбулды басып алғаннан кейін геосаяси қажеттілікті көздей отырып, Қара теңіздегі билікті генуэздықтардың орнына османдықтарға беруге және оған Осман империясының ішкі теңізі статусын беру мақсатында белсенді әрекеттер жүргізе бастайды. 1461 жылы Амасра, Синоп, Трабзонды жаулап алғаннан кейін, 1475 жылы Кафа үшін соғыс пен 1476 жылғы Молдавия үшін соғыстар осы мақсатқа жетудегі алғашқы қадамдар болатын. Ол кездері османдарға ол мақсатқа жетуге кедергі бола алатындай қарсылас жоқ еді. Алытн Орда бітуге жақындап, ол аумақтарға билік еткен кездерін есіне ала алмайтындай жағдайда еді. Ол Генуадағы Альфонс де Арагонмен шексіз соғысты аяқтай алмай жатқан еді, бұғаздың екі жағалауында да орналасқан зеңбіректер өздерінің қара теңіздік отарларына көмекке келе жатқан генуэздық кемелерге оңай түрде қарсылық көрсете алатын [3, 139-142 б.].

Қырымның солтүстігінде қалыптасқан жағдай генуэздықтарға қарсы әрекеттерге көмек көрсете алатын еді, себебі Хаджи Гирей – Алтын Орда мен генуэздықтардың жауы – Мехмед Фатихқа одақтастық қатынасты ұсынған. Константинопольды жаулап алғаннан кейін бір жыл ғана өткеннен кейін осман сұлтаны генуэздықтарға қарсы әрекеттерге көшеді және қырым ханының көмегімен олардың мемлекетіне алғашқы соққы жасайды [4, 50 б.]. Османдар мен Қырым арасындағы сол алғашқы одақтық қатынастар дәл сол кезде басталды деп айтуға болады, алайда олардың одан да ертерек кездерде қарым-қатынастары болған деген де мәліметтер бар.

1475 жылы Хаджи Гирейдің ұлы Меңгли 1466 жылы таққа отырғаннан кейін Осман империясынан түбектегі генуэздықтарды біржолата қуып шығу үшін көмек сұрайды. Осман сұлтаны Мехмед II Солтүстік Қырымдағы әскери айлақтарды арттыру үшін сол мүмкіндігін пайдаланып қалады және онда өзінің адмиралы Гедик Ахмет-Пашаны жібереді [4, 70 б.]. Кейіннен далалық саяси жүйе османдардың белгілі бір көмегімен біршама орталықтандырылып, оны Османдықтар түзетіп отырған. Ол орталықтандыру империяның хандардың ауысып отыруын бақылап отыруына себептеседі. Империяның мұндай бақылауға қызығушылық танытуы Қырымның тұрақтылығына, құлдармен тұрақты түрде қамтып тұруына және ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттауына негізделді [4, 90-95 б.].

Хандық Осман империясының қол астына түскеннен кейін хан мен сұлтан серіктестік қарым-қатынас орнатады. Осман империясы аннексиялағаннан кейін ол оны біртіндеп, алым-салықты ұлғайтудан бастап, жергілікті шенеуніктер мен әкімшілік жүйені османдық Тимар жүйесімен алмастырумен аяқтап жүзеге асырған. Мехмед II хандықты ол жүйеге үгіттеген жоқ. Мехмед II хандыққа генуэздықтарды Қырым жағалауларынан қуып шығуға көмектескеннен кейін ол Меңлі Герейді жаулап алады, кейін оны османдық сюзеренитетті қа-

**ҚҰЗЫРЕТТІЛІК БІЛІМ: МОДЕЛЬДЕР,  
ӘДІСТЕР, ТЕХНОЛОГИЯЛАР  
КОМПЕТЕНТНОСТНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:  
МОДЕЛИ, МЕТОДЫ, ТЕХНОЛОГИИ**

---

былдауы үшін босатады. Меңлі Герей өзін вассал емес, тағайындалған оттомандық шенеунік (тикме) деп есептейді. Саймон Себаг Монтефиоре тәрізді кейбір ғалымдар хандықтың шежіресі Осман империясының «...үшінші халықаралық дәстүрі...» [5, 110 б.] ретінде белгілі болған деп және ханның өзі Меңлі Герей тәрізді османдық шенеунік болған деп есептейді. Ол қарым-қатынастардың анықтылығына қарамастан, ханның басқа шетелдік өкілдерге қарағанда беделі жоғарырақ болғаны анық. Ол ерекше қарым-қатынастарды екі мемлекеттің ортақ әлеуметтік-лингвистикалық мұрасымен түсіндіруге болады.

Қырым хандығы мен Осман империясы түркі халқы мекендеген ислам мемлекеттері болған және олардың исламдық далалық жауынгер атты ортақ идеологиялық мұрасы болып саналған. Олардың исламдық дәстүрлеріне келетін болсақ, олардың екеуінде Дар-аль-Исламды жаулап алу арқылы тарату ортақ мақсатын көздеген [5, 150 б.]. Аталған ортақ нышандарды ескере отырып, сұлтандар хандарға өздерінің ішкі істерін өз беттерімен басқаруға рұқсат етіп, тұрақты түрде алым-салық жинамаған. Оның орнына, сұлтан оларды әскер көзі ретінде пайдаланған, оларды құлдарды жаулап алғандары үшін қолпаштап отырған. Ол қарым-қатынастар екі ғасырдан артық уақытқа созылған.

Хандар біртіндеп орталығы Стамбул болған жаңа экономикалық жағдайдың маңыды мүшелеріне айналған. Олардың қатысқан соғысы мен саудасы Осман империясында ерекше рөл атқарған. Хандықтың саяси, экономикалық және тұрмыстық құрылымдары Стамбулдың құлдарға қатысты қажеттіліктерін жақсарту үшін біртіндеп, уақыт өте келе дамып отырған. Хандар саны уақыт өте келе арта түскен [5, 163 б.].

А.Л. Хорошкевичтің пікірі бойынша, Осман империясының Қырым хандығындағы билігінің артуы Үлкен Ордадағы жоғары державалы идеяларын сақтап қалған Қырым Астраханьды жаулап алуға тырысуынан кейін басталады, алайда оған Ноғай Ордасы кедергі келтіреді. Ноғай Ордасын жою үшін қырым ханы Осман империясы мен Орыс мемлекетінен көмек сұрайды, себебі ол осының барлығын өз күшімен жасай алмайтын еді. Мәскеу князьдігі ол көмекті бере алмайтын еді, себебі әлі «Еділдің төменгі ағысында белсенді түрде қозғалуға дайын емес» еді [6, 73 б.] оның үстіне, князьдіктің мемлекеттік қызығушылықтары Қазан хандығын жоюды талап етті. Қырым мен Мәскеу арасындағы қарама-қайшылықтар 1521 жылғы «қырымдық құйынмен» аяқталады. Зерттеуші 1569 жылғы Астрахань жорығын орыс-түрік соғысы деп атап, онда да Мәскеу сол үшін Қырымның саясатына «борышты» деп есептейді. И.В. Зайцев Қырымның сұлтандық Түркияға иерархиялық тәуелділігін асыра атаймайды. Керісінше, ол оның сыртқы саясатында салыстырмалы түрде өз бетіндік бар деген көзқарасты ұстанады [7, 87 б.].

Қорытындылай келе, отандық тарихнамада осы уақытқа дейін Қырым-Османлы байланыстары арнайы зерттеу тақырыбына айналмағанын атап өткен жөн. Бұл өз кезегінде Қырым хандығының тек қазақ тарихында ғана емес сонымен қоса әлем тарихында маңызды рөл атқарауы тиіс екендігінің айқын бейнесі. Қарым-қатынас негізінде туындаған тәуелділік нәтижесі Қырым хандығының саяси аренадағы орны ерекше болып қала бермек.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Ә.Қара «Фатих Мехмет-Осман мемлекетін империяға айналдырған патша», «Аңыз Адам» журналы, 2013
2. В.Д. Смирнов «Крымское ханство под верховенством Оттоманской Порты до начала XVIII века», 1887
3. А.А. Непомнящий «Начало научного этапа разработки источников по истории Крымского ханства: В.Д. Смирнов», 2015
4. И.Тунманн «Крымское ханство», 1936

**ҚҰЗЫРЕТТІЛІК БІЛІМ: МОДЕЛЬДЕР,  
ӘДІСТЕР, ТЕХНОЛОГИЯЛАР  
КОМПЕТЕНТНОСТНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:  
МОДЕЛИ, МЕТОДЫ, ТЕХНОЛОГИИ**

---

5. В.Е. Возгрин «История крымских татар: Очерки этнической истории коренного народа Крыма», 2013

6. А.Л. Хорошкевич «Русь и Крым после падения ордынского ига: динамика трибунарных отношений», 1999

7. И.В. Зайцев «Крымская историографическая традиция XV–XIX веков: пути развития: Рукописи, тексты и источники» / М., 2009

УДК 64(5)

**АСТРАХАН ХАНДЫҒЫ ТАРИХЫ БОЙЫНША  
ТАРИХНАМАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАР**

*Сартаев Р.Н., 4 курс, 5B011400 – тарих, білім беру бағдарламасы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті*

*Күзембайұлы А., т.ғ.д., профессор, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті*

*Ұзақ уақыт Ресей Алтын Орданың мұрагері есептелінді. Барлық посталтынордалық мемлекеттер Ресей империясы жайында, кейін КСРО билігі тұсында олардың Алтын Орда сияқты ұлы мемлекеттің мұрагерлері екендігі туралы сөз қозғалған емес. Біз мақаламызда Астрахан хандығы тарихнамасының мәселелеріне тоқталмақпыз.*

Астрахан хандығы ортағасырлық ұлы империялардың бірі – Жошы ұлысының ыдырауы нәтижесінде құрылған мемлекеттердің бірі. Еділдің төменгі ағысында жарты ғасырдан астам уақыт өмір сүрген Астрахан хандығы Алтын Ордадан бөлініп шыққан Қазан, Қырым, Сібір хандықтары, Ноғай Ордасы мен Ақ Орда сияқты мемлекеттермен көп ұқсастықтары болды. Мемлекеттік құрылым мен басқару дәстүрлері, дін мен мәдениет аталған мемлекеттердің барлығына ортақ болып, бұл мемлекеттер этникалық және тілі жағынан бір-біріне жақын еді. Тіпті, қазіргі күннің өзінде Ресейдің Астрахан облысында тұратын біздің қандастарымыз, туыскандарымыз аз емес. Сол себепті бұл елдің тарихы біздің тарихымызбен де өте тығыз байланысты. Алайда, әрине, олардың әрқайсысында өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес. Шаруашылық-экономикалық құрылымына, өмір сүру салтына, халықтың құрамына қатысты ерекшеліктерін атап өткен жөн [1, 4 б.].

«Астрахан хандығының тарихына қызығушылық танытқан тарихшы Алтын Орда ыдырағаннан кейін құрылған басқа татар мемлекеттерін зерттейтін тарихшыларға қарағанда қиынырақ жағдайда» [2, 28 б.]. Астрахан тарихы бойынша дереккөздердің өте аз болуы, тіпті, кейбір тарихшылардың «Еділдің төменгі ағысында бір кездері Астрахан хандығы шын мәнінде өмір сүргендігіне» күмән келтіруіне дейін алып келді. Олардың пірінше, «буржуазиялық тарихшылар орталықтандырылған Астрахан хандығын көріп, сипаттаған жерде іс жүзінде Батыс Еуропаның ганзалық қалалары сияқты бірқатар тәуелсіз сауда және өнеркәсіптік қалалар болды», ал Астрахан сөзінің астарында «тек бір қала ғана емес, Бату патшалығындағы салық төлейтін халықпен емес, еркін саудагердер классы мекен еткен барлық сауда қалалары» деп қарастырылды [3, 13 б.]. И.Черкасов XIX ғ. өзінің «Исторический взгляд на древнее состояние Астраханского края» еңбегінде осындай қорытындыға келді, ал XX ғ. 20-жылдарында бұл көзқарасты Ф.П. Зыков қолдады.

Ресейлік және шетелдік тарихнамада Астрахан хандығының тарихына арналған жұмыстар жоқтың қасы. Тек Астрахан тарихының бірнеше қысқаша очерктерін, сондай-ақ шамамен